

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ  
АРНАЙЫ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМЫТУДЫҢ  
ҰЛТТЫҚ ФЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ



«Бекітемін»

АЙДАУЕНДЕРММ директорының м.а.  
А.А. Байтурсынова

2024 ж. 01 » айдан

**«ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-МЕДИЦИНАЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
КЕҢЕСТИҢ ҮЗДІК МАМАНЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОНКУРСЫН  
ЕРЕЖЕСІ**

Алматы, 2024 жыл

**«Психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің үздік маманы»  
респубикалық конкурсты өткізу туралы ереже**

**Жалпы ережелер**

1.1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының «Психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің үздік маманы» Республикалық конкурсын (бұдан әрі - Конкурс) өткізуіндегі ұйымдастыру тәртібін белгілейді.

1.2. Осы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, «Педагог мәртебесі туралы» Заңға, «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпыбілімдік оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім берудің білімдік бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру үйымдарында қызмет атқаратын педагогтарды және оларға теңестірілген тұлғаларды және де білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметкерлерді аттестациядан өткізу Ережелері мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қантардағы № 83 бүйрүғына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № 561 бүйрүғына, «Жалпыбілімдік пәндер бойынша респубикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спортық жарыстардың Тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бүйрүғына сәйкес әзірленді.

1.3. Конкурс, психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру, ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау және бағалау, дамудағы ауытқулардың алдын алу және жену мәселелері бойынша отбасына кеңес беру бойынша қызметтер көрсету сапасын арттыруға, ПМПК-нің талантты, шығармашылықпен жұмыс істейтін мамандарын анықтауға, оларды ынталандыру мен көтермелеге бағытталады. Конкурстың негізгі мақсаты: талантты, шығармашылықпен жұмыс істейтін мамандарды анықтау арқылы ПМПК мамандарының беделі мен мәртебесін арттыру, үздік жұмыс тәжірибесін жинақтау және тарату, ПМПК мамандарының кәсіби белсенділігін арттыру, озық диагностикалық-кеңестік қызметтің танымал ету.

«Психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің үздік маманы» респубикалық конкурстың негізгі ұйымдастырушысы ҚР Оку-агарту министрлігінің «Арнайы және инклюзивті білім беруді дамыту» Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» РММ болып табылады.

1.5. Конкурсқа Ереженің талаптарына сәйкес қатысуға өтінім берген Қазақстан Республикасының психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестерінің (бұдан әрі - ПМПК) мамандары қатысады.

**2. Атак беру тәртібі, Конкурстың критерийлері мен номинациялары**

«Психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің үздік маманы» атағы жыл сайын Конкурсқа қатысқан ПМПК мамандарына конкурстың негізде беріледі.

«Психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің үздік маманы» атағын бір педагогқа үш жыл ішінде бір реттен артық беруге болмайды.

2.3. Конкурсқа келесідей критерийлерге сәйкес келетін ПМПК мамандары қатысады:

- ПМПК штаттық педагогтары болып табылатын;
- ПМПК жаңадан қабылданған қызметкерлер ПМПК-де үш жыл жұмыс атқарған кезде,

арнайы білім беру саласында кемінде 5 жыл педагогикалық өтілі барлар ПМПК-де 2 жыл жұмыс атқарған кезде Конкурсқа қатысуға құқығы бар; Конкурсқа қатысу ПМПК басшысының ұсынысы және қызметкердің жеке өтініші негізінде жүргізіледі.

Конкурс аясында келесідей номинациялар құрылды:

едағогтың ұздік бейне-визиткасы»;

Баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін ұздік бағалау» (әлеуметтік педагогтардан басқа);

Отбасына ұздік кеңес беру»;

Отбасында бала дағдыларын дамытудың ұздік үй бағдарламасы»;

Педагогтарға ұздік кеңестік-әдістемелік көмек».

Әр маман тек бір номинацияға қатыса алады.

### **3. Конкурсты өткізу тәртібі**

3.1. Конкурс өткізу туралы хабарландыру кезеңдерінің өту мерзімдері нақтылана отырып, Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады, сондай-ақ Конкурстың I кезеңі басталуынан бір ай бұрын АИБД ҰФПО РММ интернет-ресурсында орналастырылады.

3.2. Конкурс жыл сайын екі кезеңмен өткізіледі.

1-кезең – ірікеу, облыстық (қалалық) (1-30 сәуір). Өткізу түрі – қатысушылардың ұсынылған құжаттары мен материалдары негізінде - сырттай. Ирікеу түрінде қорытындысы бойынша 1-орын алған женімпаздар Конкурстың финалдық кезеңіне жіберіледі.

2-кезең – финалдық, республикалық (1-30 қыркүйек). Өткізу түрі - сырттай/online форматта бірінші кезеңнің қорытындысы бойынша қатысушылар туралы ұсынылған құжаттар мен конкурстық материалдар негізінде.

3.3. Ереженің 1.5 және 2.3-тармақтарының талаптарына сәйкес келетін педагогтар өтінім береді және 3.9 және 3.15-тармақтарда көрсетілген барлық қажетті конкурстық материалдар мен құжаттарды өткізеді. Осы Ережеде көрсетілген талаптар мен формаларға сәйкес келмейтін және/немесе материалдарды ұсыну мерзімінен кеш түсken материалдар қаралмайды.

3.4. Конкурсты өткізу үшін әрбір кезеңді өткізуғе Конкурстық комиссиялар (бұдан әрі – Комиссиялар) құрылып, бекітіледі. 1-кезеңді өткізу үшін Комиссияны облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың Білім басқармасы (бұдан әрі – Басқарма) құрайды, Комиссия құрамы Басқарманың бұйрығымен бекітіледі. 2-кезеңді (финалдық) өткізу үшін Комиссия Қазақстан Республикасы Оку-ағарту министрлігінің «Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» РММ-де құрылады, комиссия құрамы АИБД ҰФПО РММ директорының бұйрығымен бекітіледі.

3.5 Конкурстық Комиссиялар:

1) Конкурс кезеңдерін дайындауға, өткізуғе тікелей басшылықты жүзеге асырады, өткізу мерзімдері, бағдарламасы, Конкурс құзыреттерінің тізбесі бойынша ұсыныстар құрастырады;

2) қазылар алқасының құрамын бекітеді, нәтижесін қорытындылайды және женімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттайды;

3) Конкурстың құжаттамасын (конкурстық тапсырмалар, бағалау критерийлері, номинациялар бойынша қорытынды хаттамалар және басқа құжаттар) әзірлейді;

4) білім беру үйимдарына ақпараттық хаттар, бағдарлама және т.б. жолдайды;

5) Конкурстың финалдық кезеңін өткізу орнын белгілейді (күндізгі формат жағдайында);

6) Конкурстың техникалық сүйемелдеуін қамтамасыз етеді;

7) Конкурстың ақпараттық жариялануын қамтамасыз етеді;

8) критерийлерге сәйкес максималды балл саны бойынша Конкурс женімпаздарын анықтайды.

### **1-параграф. Конкурстың I кезеңін өткізу тәртібі**

3.6. I кезең (іріктеу) облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар (Астана, Алматы, Шымкент) деңгейінде өткізіледі. I кезеңге қатысу үшін Ереженің 1.5 және 2.3-тармақтарына сәйкес АБҰ-ның педагог қызметкерлері шақырылады. Өткізу түрі – ұсынылған құжаттар мен қатысушылардың материалдары негізінде күндізгі немесе сырттай. Кезеңді өткізу мерзімдері жыл сайын наурыздан мамырға дейінгі айлар, нәтижелері бойынша екінші кезеңге қатысу үшін ұсынылатын Конкурстың 1-кезеңінің женімпаздары анықталады.

3.7. Конкурстың I кезеңін өткізу туралы хабарландыруды өңірдің білім басқармасы (бұдан әрі – Басқарма) облыс, қала аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды, сондай-ақ Конкурстың I кезеңі басталғанға дейін күнтізбелік он бес күн бұрын Басқарманың Интернет-ресурсында орналастырады.

3.8. Конкурстың бірінші кезеңінде педагогтарды бағалау үшін облыстық (қалалық) Конкурстың комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылады, оның құрамы Басқарма бүйрекімен бекітіледі. Комиссия құрамы басқарма қызметкерлерінен, ПМПК тәжірибелі педагогтарынан, педагогикалық шеберліктің кәсіби конкурстарының женімпаздарынан, әдіскерлерден, біліктілікті арттыру институттарының қызметкерлерінен, сондай-ақ арнайы білім беру саласындағы қоғамдық бірлестіктердің өкілдерінен құралады. Комиссия мүшелерінің саны кемінде жеті адамды құрайды. Комиссия отырыстары оның мүшелерінің кемінде үштен екісі болған кезде занды деп есептелінеді. Комиссия төрағасы мен төрағаның орынбасары Комиссия мүшелерінің арасынан сайланады. Хатшы оның мүшесі болып табылмайды.

3.9. I кезеңге қатысу үшін Басқармаға Конкурсқа қатысушылар келесідей құжаттар мен материалдарды электрондық форматта ұсынады:

1) Конкурсқа қатысуға арналған формаға сәйкес өтінім сканерленген нұсқада (1-қосымша), 15 наурызға дейінгі мерзімде «Конкурс» деген белгісі бар Басқарманың электрондық адресіне жіберіледі;

2) ПМПК басшысының ұсынмысы;

3) жұмыс орны бойынша расталған кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парапша;

4) жеке басын күәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) ПМПК әдістемелік кеңесі отырысының хаттамасынан көшірме;

6) педагогтың бейне-визиткасы - техникалық шарттарға сәйкес педагогтың кәсіби құзыреттілігі, жеке жетістіктері мен қасиеттері туралы ақпаратты қамтитын қысқаша бейнеролик;

7) қолданған әдістемелері көрсетілген баланы тексерудің егжей-тегжейлі (толық) хаттамасы;

8) жүргізілген тексеру, оның нәтижелері, анықталған ерекше білім беру қажеттіліктері, оқыту және тәрбиелеу процесіне қанагаттанғандары бойынша ата-аналарға кеңес беру процесінің бейнеролигі;

9) отбасында бала дағдыларын дамыту бойынша әзірленген үй бағдарламасы.

10) «Әдістемелік жинақша» - авторлық бағдарламалар, әдістемелік ұсынымдар, жеке кеңестер және т.б.;

11) «Мен - ПМПК педагогымын!» тақырыбындағы эссе;

12) педагогтың электрондық портфолиосы.

Конкурсқа қатысу үшін барлық материалдар қазақ немесе орыс тілдерінде ұсынылады.

Материалдарды ұсыну мерзімі кешіктірмей 15 сәуірге дейін. Көрсетілген мерзімнен кеш келіп түсken, талаптарды сактамай ресімделген материалдар қаралмайды.

3.10. Педагогтардың кәсіби қызметін көрсететін ұсынылған материалдарды Комиссия қоса берілген критерийлерге сәйкес бағалайды (4-7-қосымша). Конкурстың I (іріктеу) кезеңіне қатысуға жіберілген материалдар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

3.11. Конкурстық комиссия ұсынылған материалдарды бағалап, конкурстың I кезеңінің әрбір номинацияның жеңімпаздары мен қатысушылардың рейтингін белгілейді. Комиссия шешімдері Комиссия мүшелерінің көшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Конкурстың облыстық кезеңінің нәтижелері:

- «\_\_\_\_\_ облысының психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесінің үздік маманы» атағы берілген жеңімпаз;
- «Педагогтың үздік бейне-визиткасы» номинациясының жеңімпазы;
- «Баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін үздік бағалау» номинациясының жеңімпазы (әлеуметтік педагогтардан басқа);
- «Отбасына үздік кеңес беру» номинациясының жеңімпазы;
- «Отбасында бала дағдыларын дамытудың үздік үй бағдарламасы» номинациясының жеңімпазы;
- «Педагогтарға үздік кеңестік-әдістемелік көмек» номинациясының жеңімпазы.

3.12. Конкурстың I кезеңінің қорытындылары облыс аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында конкурс аяқталғаннан кейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей жарияланады, сондай-ақ білім басқармасының Интернет-ресурсында орналастырылады. Конкурс қорытындысы бойынша жеңімпазға «Облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестердің үздік маманы» атағы беріледі, номинациялар бойынша жеңімпаздар анықталады. Комиссия шешімі қабылданған күннен бастап күнтізбелік он бес күннен кешіктірілмеген мерзімде жеңімпаздарға грамоталар тапсырылады; жеңімпаз болмаған Конкурсқа қатысушыларға қатысушы сертификаттары беріледі.

3.13. Конкурстың I кезеңінің нәтижелері Конкурс комиссиясы отырысының хаттамасымен тіркеледі және әрбір қатысушыға 15 мамырдан кешіктірмей электрондық пошта арқылы хабарланады. Конкурстың I-кезеңінің әрбір номинациясы бойынша жеңімпаздар (1-орын) II кезеңге қатысу үшін ұсынылады. Облыстардың және респубикалық маңызы бар қалалардың білім басқармасы (Астана, Алматы, Шымкент) «Арнайы және инклузивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» РММ-де Конкурстың II кезеңіне қатысу үшін педагогтардың аты-жөні көрсетілген хат жолдайды. Хатқа: конкурстың I-кезеңінің нәтижелері хаттамасының көшірмесі және әрбір қатысушының барлық конкурстық материалдары қоса беріледі.

## 2-параграф. Конкурстың II кезеңін өткізу тәртібі

3.14. Конкурстың II кезеңі (финал) «Облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесінің үздік маманы» атағын алған облыстық және респубикалық маңызы бар қалалардың жеңімпаздары арасында өткізіледі. Өткізу түрі – сырттай. Өткізу мерзімі - тамыз-қыркүйек.

3.15. Конкурстың II кезеңіне қатысу үшін Басқармалар АИБД ҰФПО РММ-не құжаттар мен конкурстық материалдарды электрондық форматта ұсынады, атап айтқанда: конкурсқа қатысуга қоса берілген форма бойынша өтінім; ПМПК басшысы растаған педагогқа ұсынды; жұмыс орны бойынша расталған кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парап; жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі; ПМПК әдістемелік кеңесі отырысының хаттама көшірмесі; педагогтің бейне-визиткасы - техникалық шарттарға сәйкес педагогтың кәсіби құзыреттілігі, жеке жетістіктері мен қасиеттері туралы ақпаратты қамтитын қысқаша бейнеролик; қолданған әдістемелері көрсетілген баланы тексерудің егжей-тегжейлі (толық) хаттамасы, жүргізілген тексеру, оның нәтижелері,

анықталған ерекше білім беру қажеттіліктері, оқыту және тәрбиелу процесіне қанағаттанғандары бойынша ата-аналарға кеңес беру процесінің бейнеролигі; отбасында бала дағдыларын дамытудың үздік үй бағдарламасы; «Әдістемелік жинақша» - авторлық бағдарламалар, әдістемелік ұсынымдар, жеке кеңестер және т.б.; «Мен - ПМПК педагогымын!» тақырыбындағы эссе; педагогтың электрондық портфолиосы.

Конкурсқа қатысу үшін барлық материалдар қазақ немесе орыс тілдерінде ұсынылады.

3.16. Педагогтарды бағалау үшін конкурстың екінші кезеңіnde Республикалық конкурстық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылады. Комиссия «АИБД ҰФПО» РММ қызметкерлері, республиканың психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестерінің тәжірибелі педагогтары, педагогикалық шеберліктің кәсіби конкурстарының жеңімпаздары, әдіскерлер, арнайы білім беру саласындағы біліктілікті арттыру институттарының қызметкерлері, сондай-ақ республикалық қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатарынан құрылады. Комиссия мүшелерінің саны кемінде жеті адамды құрайды. Комиссия отырыстары оның мүшелерінің кемінде үштен екісі болған кезде заңды деп есептеледі. Комиссия төрағасы мен төрағаның орынбасары комиссия мүшелерінің арасынан сайланады. Хатшы оның мүшесі болып табылмайды. Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді. Комиссияның шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

*Ескертпе: I кезеңің әрбір финалисінің конкурстық жұмысы бір хатпен, ZIP-папка форматында [rmpk\\_konkurs@mail.ru](mailto:rmpk_konkurs@mail.ru) электрондық поштасына жіберіледі. Хаттың тақырыбында қатысушының аты-жөні, аймақ, номинацияның атауы және ұсынылған ұйым көрсетіледі.*

### **3-параграф. Конкурс қорытындысын шығару**

II (финалдық) кезеңінде нәтижелері бойынша Комиссия Конкурстың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтайды. Конкурс қорытындысы бойынша жеңімпаздарға «Қазақстан Республикасы психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесінің үздік маманы» атағы беріледі. Комиссия шешімі қабылданған күннен бастап күнтізбелік он бес күннен кешіктірілмеген мерзімде әрбір номинациядағы жеңімпаздарға I, II, III дәрежелі дипломдар табыс етіледі.

3.18. Әр номинация бойынша Конкурстың жеңімпазы, рейтингте ең көп балл жинаған қатысушы болып табылады.

3.19. Конкурстың II кезеңінің қорытындылары облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында конкурс аяқталғаннан кейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей жарияланады, сондай-ақ «АИБД ҰФПО» РММ-нің, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Интернет-ресурсында орналастырылады.

«Психологиялық-медициналық-педагогикалық  
кеңестің үздік маманы» Конкурстың  
ережесіне 1-қосымша

**«Психологиялық-медициналық-педагогикалық  
кеңестің үздік маманы» конкурсына қатысуға  
ӨТІНІМ**

Мені конкурсқа қатысуға жіберуіңізді сұраймын.

Өзім туралы келесідей мәліметтерді хабарлаймын:

ұмыс орны

егі, аты, әкесінің аты (бар болса)

уган жылы, куні, айы

ауазымы

едағогикалы өтілі (жалпы және ПМПК-дағы)

Білімі (қай оку орнын, факультетті, қай жылы бітірді)  
іліктілік санаты

екенжайы, индексімен

еке куәлік деректері (нөмірі, қашан және кім берді, ЖСН)

айланыс телефоны (үй, мобиЛЬДІ), электрондық пошта

арапаттар, ынталандырулар

бетте.

Өтінімді толтыру күні \_\_\_\_\_

Конкурсқа қатысушының жеке қолы \_\_\_\_\_

Білім беру ұйымы басшысының қолы \_\_\_\_\_

«Психологиялық-медициналық-педагогикалық  
кеңестің ұздік маманы» Конкурстың  
ережесіне 2-қосымша

### **Педагогтың электрондық портфолиосының құрылымы**

#### **1. Педагог туралы жалпы мәліметтер.**

- 3x4 өлшемінде міндетті түрде фотосуретпен тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) ;
- Жоғары білім туралы диплом;
- Ғылыми дәрежесі (бар болса);
- Біліктілікті арттыру (сертификаттар, куәліктер);
- Марараптар (грамоталар, мақтау қағаздары, алғыс хаттар, пікірлер мен ұсынымдар, біліктілікті арттыру курсарының сертификаттары, оның ішінде қашықтықтан (білімін, курсардан өткенін растайтын құжаттардың сканерлері, Құрмет грамоталарының, сертификаттардың сканерлері).

#### **2. Педагогикалық қызметінің мониторингі:**

Маман әзірлеген «ЕБҚ бар бала отбасына арналған дағдыларды дамытудың үй бағдарламасы» бойынша ата-аналар жұмысының нәтижелері бойынша баланың дағдыларын дамыту динамикасының мониторингі; жеке кеңестер;

#### **3. Ғылыми-әдістемелік қызмет.**

Педагог жұмыс атқаратын педагогикалық бағыт бойынша барлық ақпарат:

- қолданылған диагностикалық әдістер мен тәсілдердің сипаттамасы;
  - кәсіби конкурстарға өзінің қатысуы туралы мәліметтер;
- педагог қатысқан семинарлар, «дөңгелек үстелдер», ғылыми-практикалық конференциялар бойынша материалдар;
- авторлық бағдарламаларды, әдістемелік материалдарды әзірлеу, оларға хаттамалар жазу (бар болса);
  - әлеуметтік жобаларды іске асыру жөніндегі материалдар (бар болса);
  - шығармашылық есептер, семинарлар, ғылыми-практикалық конференцияларда сөз сөйлегені туралы мәліметтер;
  - бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;
  - тәжірибе алмасу бойынша жұмыс;
  - біліктілікті арттыру курсарында дәріс оку;
- эксперттік кеңестерге қатысу;
- тәлімгерлік.

*Барлық құжаттардың сканерлері бір құжатпен ұсынылуы және Zip-папка форматында мұрагатталуы тиіс*

«Психологиялық-медициналық-педагогикалық  
кеңестін ұздік маманы» Конкурстың  
ережесіне 3-қосымша

**Педагогтың бейне-визиткасына техникалық шарттар және бағалау  
критерийлері**

- Формат: DVD, MPEG4. Минималды ажыратымдылық - 720x480 (12:8 см).
- Бейнероликтің ұзақтығы - 1,5 минут.
- Қатысушының аты-жөні көрсетілген ақпараттық қоймамен ресімдеу.
- Бейнероликті монтаждау және түсіру кезінде арнайы бағдарламалар мен құралдарды пайдалану – педагогтың таңдауы бойынша.

Бейнероликті түсіру және монтаждау кезінде арнайы бағдарламалар мен құралдарды, фотосуреттерді, бейне фрагменттерді, арнайы эффектілерді, фондық музыканы пайдалануға болады.

Байқауға тақырыпқа сәйкес келмейтін басқа адамдардың қадір-қасиеті мен сезімдерін қорлайтын жарнамалық сипаттағы бейнероликтер қабылданбайды.

№	Критерийлер мен көрсеткіштер	Макс. балл
	Плагиаттың болмауы, авторлық оқудың болуы	
	Бейнеролик идеясының айқындығы	
	Бейнематериалды берудің өзіндік ерекшелігі	
	Ақпаратты берудің толықтығы мен дұрыстығы	
	Ақпараттың орындылығы, тенгерімділігі	
	Бейне ролик дизайнның эстетикалығы	
	Озін таныстыру қабілеті/кәсіби дағдылары	
	<b>Барлығы:</b>	

Конкурстың тапсырманың ең жоғары бағасы **21 балл.**

- 0 - сәйкес келмейді  
пышықтауды қажет етеді  
2 - толық көлемде сәйкес келмейді  
3 - толық сәйкес келеді

Нақты көрсеткішке сәйкестік әр критерийдің 0-ден максималды көрсеткішіне дейін бағаланады.

«Психологиялық-медициналық-педагогикалық  
кенестің ұздіқ маманы» Конкурстың  
ережесіне 4-қосымша

**«Баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін ұздік бағалау»  
бағалау критерийлері (әлеуметтік педагогтардан басқа)**

№	Критерийлер мен көрсеткіштер	Макс. балл
	Тексеру құрылымы мен хаттаманы толтыру сапасын сақтау	
	Мақсаттар мен міндеттерге, көрнекі құралдар мен материалдарға қол жеткізу үшін әдістер мен тәсілдерді таңдаудың негізділігі.	
	Қолданылатын терминологияның дәлдігі	
	Тексеру барысында пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру	
	Ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтаудың толықтығы	
	Тексеру хаттамасы мазмұнының ЕБҚ-ін қанағаттандыру бойынша ұсынымдарға сәйкестігі.	
	Кәсіби шеберлік және құзыреттілік	
	Безендіру мәдениеті	
	<b>Барлығы:</b>	

Конкурстық тапсырманың ең жоғары бағасы **24 балл.**

- 0 - сәйкес келмейді
- пышықтауды қажет етеді
- 2 - толық көлемде сәйкес келмейді
- 3 - толық сәйкес келеді
- Нақты көрсеткішке сәйкестік әр критерийдің 0-ден максималды көрсеткішіне дейін бағаланады.

«Психологиялық-медициналық-педагогикалық  
кеңестің үздік маманы» Конкурстың  
ережесіне 5-қосымша

**Отбасына үздік кеңес беру» бағалау критерийлері**

<b>№</b>	<b>Критерийлер мен көрсеткіштер</b>	<b>Макс. балл</b>
	Әзірлеменің өзектілігі мен ерекшелігі	
	Колданылатын терминологияның дәлдігі	
	Материалды берудің логикалығы, түсінікті әдістемелік негізdemесінің болуы	
	Ата-анасына баланың проблемаларын, күшті жақтары мен әлеуетті мүмкіндіктерін сенімді түрде көрсетуге мүмкіндік беретін, бала іс-әрекетінің сапалы сараптамасы.	
	Кеңес мазмұнының анықталған ерекше білім беру қажеттіліктеріне сәйкестігі.	
	Кеңес берудің ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша қолжетімділігі.	
	Кәсіби шеберлік және құзыреттілік	
	Бейне кеңестердің болуы	
<b>Барлығы:</b>		

Конкурстың тапсырманың ең жоғары бағасы **24 балл.**

- 0 - сәйкес келмейді
- пышықтауды қажет етеді
- 2 - толық көлемде сәйкес келмейді
- 3 - толық сәйкес келеді
- Нақты көрсеткішке сәйкестік әр критерийдің 0-ден максималды көрсеткішіне дейін бағаланады.

**«ЕБҚ бар баланың отбасы үшін дағдыларды дамытудың үздік үй  
бағдарламасы» бағалау критерийлері**

№	Критерийлер мен көрсеткіштер	Макс. балл
	Баланы тексеру протоколы мазмұнының дамыту бағдарламасына сәйкестігі.	
	Әзірлеменің өзектілігі мен ерекшелігі	
	Мақсаттар мен міндеттердің сауатты қойылуы	
	Тәсілдер мен әдістердің анық және қолжетімді сипаттамасы. Балалардың өнімді, белсенді іс-әрекетіне бағытталған техникаларды, әдістемелерді қолдану	
	Үстелдік, едендік дидактикалық ойындардың, иллюстрацияланған материалдардың іріктелуі	
	Бейне кеңестердің болуы	
	Материалды ұсынудың шығармашылықтық, инновациялық және кәсіби тәсілі	
	Безендіру мәдениеті	
<b>Барлығы:</b>		

Конкурстық тапсырманың ең жоғары бағасы **24 баллды құрайды.**

- 0 - сәйкес келмейді
  - пышықтауды қажет етеді
  - 2 - толық көлемде сәйкес келмейді
  - 3 - толық сәйкес келеді
- Нақты көрсеткішке сәйкестік әр критерийдің 0-ден максималды көрсеткішіне дейін бағаланады.

«Психологиялық-медициналық-педагогикалық  
консультацияның үздік маманы» Конкурсының  
ережесіне 7-қосымша

**«Педагогтарға үздік кеңестік-әдістемелік көмек»  
бағалау критерийлері**

№	Критерийлер мен көрсеткіштер	Макс. балл
	Әзірлеменің өзектілігі мен езіндік ерекшелігі	
	Мақсаттар мен міндеттердің сауатты қойылуы	
	Мазмұнның қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігі	
	Қолданылатын терминологияның дәлдігі	
	Фылыми негізділік, заңнамалық база	
	Кеңес берудің қолжетімділігі	
	Педагогтың пәндік-кәсіби құзыреттілігі	
	Безендіру мәдениеті	
<b>Барлығы:</b>		

Конкурстық тапсырманың ең жоғары бағасы **24 балл.**

0 - сәйкес келмейді  
пышықтауды қажет етеді

2 - толық көлемде сәйкес келмейді

3 - толық сәйкес келеді

Нақты көрсеткішке сәйкестік әр критерийдің 0-ден максималды көрсеткішіне дейін бағаланады.

«Психологиялық-медициналық-педагогикалық  
көңестін үздік маманы» Конкурстың  
ережесіне 8-қосымша

**«Психологиялық-медициналық-педагогикалық көңестін үздік маманы» атағын  
беруге арналған конкурс педагогтарының кәсіби қызметін бағалау критерийлері**

1-3,4 балл

**алл** - Диагностикалық тексеру саласында кәсіби білімдер мен дағдыларды менгерген. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауды жүзеге асырады. Білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша ұсынымдар құрастырады. Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды дамыту, оқыту және тәрбиелеудегі ауытқуларды жену және алдын алу мәселелері бойынша отбасына кенес береді. Ұйымның қоғамдық өміріне, сондай-ақ әдістемелік, көңестік және жұмыстың өзге де нысандарына қатысада жоғары белсенділігін көрсетеді.

**алл** - Диагностикалық тексеру саласында кәсіби білімдер мен дағдыларды менгерген. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауды жүзеге асырады. Білім беру ұйымдарындағы ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша ұсынымдар құрастырады. Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды дамыту, оқыту және тәрбиелеудегі ауытқуларды жену және алдын алу мәселелері бойынша отбасына кенес береді. Ұйымның қоғамдық өміріне, сондай-ақ әдістемелік, көңестік және жұмыстың өзге де нысандарына қатысада жоғары белсенділігін көрсетеді. ЕБҚ бар балаларды тексеру бойынша әдістемелік материалдар, ата-аналар мен педагогикалық қауымдастық үшін ақпараттық, ағартушылық материалдар әзірлейді.

**алл** - Диагностикалық тексеру саласында кәсіби білімдер мен дағдыларды менгерген. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауды жүзеге асырады. Білім беру ұйымдарындағы ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша ұсынымдар құрастырады. Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды дамыту, оқыту және тәрбиелеудегі ауытқуларды жену және алдын алу мәселелері бойынша отбасына кенес береді. Ұйымның қоғамдық өміріне, сондай-ақ әдістемелік, көңестік және жұмыстың өзге де нысандарына қатысада жоғары белсенділігін көрсетеді. ЕБҚ бар балаларды тексеру бойынша әдістемелік материалдар, ата-аналар мен педагогикалық қауымдастық үшін ақпараттық, ағартушылық материалдар әзірлейді. Жобалау, зерттеу, ғылыми-әдістемелік қызметті жүзеге асырады.

**едағогтың арнайы білім беруді дамытуға қосқан үлесі (сонғы үш жылда)**

**- 3 балл**

**алл** - семинарларға, отырыстарға, конференцияларға қатысуы;

**алл** - семинарларда, отырыстарда, конференцияларда баяндамалар жасауы. Аудандық, облыстық және республикалық деңгейдегі психологиялық-педагогикалық басылымдарда, БАҚ-та педагогтардың мақалаларын жариялауы;

**облыстық және республикалық деңгейдегі психологиялық-педагогикалық басылымдарда,**

БАҚ-та педагогтардың мақалаларын жариялауы; Әдістемелік материалдарды; бағдарламаларды, оқу-әдістемелік кешендерді өзірлеуге қатысуы. Әдістемелік материалдар өзірлеуі; жобалау, ғылыми-әдістемелік, зерттеу қызметін іске асыруы. Педагогтарды оқытуы және тәлімгерлік.

алл - педагогтардың әріптестеріне, ұйым басшысына, басқа қауымдастықтардың өкілдеріне, ата-аналарға танылуы (әкімшіліктің, әріптестерінің, ата-аналардың, әлеуметтік серіктестердің пікірлері);  
алл - педагогтардың әріптестеріне, ұйым басшысына танылуы, әкімшіліктің, әріптестерінің, ата-аналардың, әлеуметтік серіктестердің, педагогикалық қоғам өкілдерінің пікірлері;  
алл - педагогтардың республикалық мәғынадағы педагогикалық ұйымдарына, білім беру үйымдары басшыларына, әріптестеріне, басқа қоғамдастықтардың өкілдеріне танылуы (әкімшіліктің, әріптестеріні, ата-аналардың, әлеуметтік серіктестердің, ғылыми, педагогикалық қауымдастық өкілдерінің пікірлері, алғыс хаттар); қауымдастыққа ықпалы (бұқаралық ақпарат құралдарында танылу), баланы білім беру үйымында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кезінде кеңестік көмек көрсету;  
алл - педагогтардың республикалық мәғынадағы педагогикалық ұйымдарына, білім беру үйымдарының директорларына, әріптестеріне, басқа қауымдастық өкілдеріне танылуы әкімшіліктің, әріптестеріні, ата-аналардың, әлеуметтік серіктестердің, ғылыми, педагогикалық қауымдастық өкілдерінің пікірлері, алғыс хаттар, грамоталар, халықаралық деңгейдегі дипломдар); қауымдастыққа ықпалы (бұқаралық ақпарат құралдарында танылуы)

Нақты көрсеткішке сәйкестік әр критерийдің 0 дең максималды көрсеткішіне дейін бағаланады

Хаттың тақырыбында міндettі түрде конкурсанттың Т.А. Ә., конкурстың номинациясы, арнайы ұйымның атауы, өнірі көрсетіледі.